



ТІЛ ТАРИХЫ: КІРІСПЕ

Қытай тілінің тарихы





Бұл дәрісімізде Қытай тілінің тарихы және ерекшеліктері арқау болады. Тілдің негізгі дамуы – оның жазуы деп білсек, қытай тілінің жазуы б.з.д. 1000–1200 жылдарында пайда болған. Бұл Мысыр елінің жазуымен салыстырғанда, бүгінгі зерттеулер нәтижесі бойынша Мысыр жазуы ертеректе пайда болған. Себебі «Синухе» романы және «Екі ағайынды хикаясы» б.з.д. 1800–2000 жылдары жазылған жазбалар екен. Екеуінің де иероглиф таңбалары сурет сияқты болғанымен, оның сан жағынан ерекшеліктері бар. Қытай тілінің жазуында 70–80 мыңға жуық таңбалар пайдаланылады.

Көп таңбалардың пайда болу себебі. Кейінгі зерттеулер бойынша, әр патшалық, әр әулет таққа келген соң, негізінде екі құпияны сақтауға тырысқан екен. Біріншіден, мемлекеттің саяси істерінің құпиясын сақтап қалу, екіншіден, күнделікті өзінің пайдаланатын тағамдарының дайындалу әдісін басқалары үйренбесін деген мақсатпен ерекше таңбалар қолданып отырған. Осының салдарынан жыл өткен сайын, қытай тілі таңбаларының саны артып отырған екен. Қазіргі заманның өзінде, көптеген таңбалар қарапайым халыққа танылмай, белгісіз болып жүр. Жоғарғы саяси элитаның қолданысқа енгізілген бұл таңбалардың құпиясын ашып, толық дұрыс оқып алу үшін де көп уақыт қажет болады. Былай айтқанда, қытайдың ежелден пайда бола бастаған жазуының мағынасын, сырын ашуға қарапайым халыққа еш мүмкіндік жоқ. Кез келген адам «Мен қытай тілін білемін» деп айта алмайды, өйткені күнделікті газеттерді оқу үшін кем дегенде 2000 таңбаны, қарапайым қытай тілін білемін дегендер 10000 таңбаны, Университетті бітірген адамдар 20 мың таңбаны білуі қажет.

Қытай тілі иероглифтері көп, күрделі тіл. Сол себептен өз тілін, өз жазуын білмейтін қытайлықтар саны бүгінгі күні артып келеді. Бір басылымда қытай тілінің 50000 таңбасын білетін маман дүниеден өтті деген хабар тараған болатын. Соған қарағанда, ежелгі қытай таңбаларын толықтай игерген мамандар Қытайдың өзінде де жоқтың қасы. Қытай тілінің күрделілігіне қарамастан, оған деген қызығушылық бүгінгі күні көп болмаса да, ғалымдардың арасында баршылық. Жүргізілген зерттеулерді қарайтын болсақ, бұл тілге қызығатындарының бірнеше себептері бар екен. Әлем халқының 14%-ы қытай тілін өзінің ана тілі немесе екінші тілі деп біледі екен.

Қытайда диалектілер көп қолданылады. Солардың ішінде **кантон және мандарин диалектілері** ерекше қолданысқа ие. Кантон диалектісі Ганконгте қолданылса, мандарин диалектісі Қытайда, Сингапурде, Малайзияда, Тайпеді т.б. елдерде қолданылады. Жапон, Корея, Вьетнам тілдері де мандарин диалектісінің ықпалында болған.

Біраз адамдардың қытай тіліне деген қызығушылық танытуының басты себептері, біріншіден, әлемнің 1/4 халқы қытай тілінде сөйлегендіктен, екіншіден, қытай тілінде тарихи деректер көп болғандығынан шығып отыр. Қытай тілінде жақсы сөйлейтін өзге ұлт өкілдері әлемнің 1/4 халқымен тілдесуге, олармен мәдени-экономикалық қарым-қатынас жасауға мүмкіндік алады. Тарихи деректерге қол жеткізу үшін де біраз зерттеуші ғалымдар осы тілді үйренуді өзіне міндеттейді.

Мәселен, Француз шығыстанушысы, өнер тарихшысы, француз академиясының мүшесі Рене Груссе, Орта Азиядан шыққан Атилла, Шыңғысхан, Әмір Темір сияқты ұлы жаулаушылардың өмірін, соғыстарын, саяси істерін зерттеуде Қытайдың тарихи деректерін пайдаланған.

Қытай сөздері, таңбаларының мағынасы тікелей әуенге байланысты. Мысалы, жазылуы бір сөзді созыңқы айтсаңыз ол бір мағынаны, сол сөзді жайлап, төмеңгі әуенде айтсаңыз, мағынасы өзгеріп отырады. Ғалымдар да өздерінің зерттеулерінде осыған байланысты біраз дүниелер жазған болатын.

Қытай тілінде 4 үн бар. Сөздің мағынасы үн (тон) арқылы анықталады. Мандарин диалектінде 5 түрлі дыбысталу, ал кантон диалектінде 8 дыбыстық үн бар екен. Сол себептен, кантондықтар өзінің диалектін мандарин диалектісінен жоғары деп санайды. Кантон диалектісі немесе гуанчжоу диалектісі – Кантонда (французша атауы Гуанчжоу) пайда болған диалект. Юэ тілінің престиж диалектісі саналады.

Егер тілді үйренемін деген адамдар, патшалардың құпия етіп сақтаған тағамдарының, дәрі-дәрмектерінің дайындалу әдісін, ондағы таңбалардың құпиясын ашып көретін болса, біраз жаңалықтар ашылар еді. 80 мың таңбасы бар мұндай күрделі тілді үйрену үшін, әрине, үлкен сабырлық, төзімділік, жауапкершілік керек.



Қытай тілін білетін адамдардың көбісі, күнделікті тіршілікте, сауда-саттық деңгейінде, әрі кетсе 10 мың таңбаны білетіндер, біздерге әрине қытай тарихының терең жатқан құпиясын ашып бере алмайды. Өйткені қытайдың ежелгі тілін терең білетін, қытайлықтардың өздерінің ішінде де өте аз.

Қытай тілін тағы бір үйренудің ерекшелігі мынада: көптеген көзқарастар, наным-сенімдер, бір-біріне қайшы келетін дүниетанымдар, соның барлығын бір-бірімен салыстырып, талдау жасап, ой-елегінен өткізіп қабылдамаса, кез келген адамның қолынан келе бермейтін дүние.

Қытай тілін үйренудің тағы бір ерекшелігін, кейбір топтар былай деп түсіндіреді: адам кейбір тілдерді үйрену барысында, оның миының сол жақ бөлігі белсенді болса, қытай тілін үйрену барысында мидың екі жақ бөлігі де бірдей жұмыс жасап, белсенді болады екен. Осындай орын алған фактілерге қызығушылық танытқан ғалымдар, өздерінің физиологиялық, биологиялық зерттеулерінде осы мәселеге көңіл бөлген. Ол ғалымдар қытай тілін терең үйренгісі келетіндерге қолдау көрсетеді, себебі ежелгі дәуір және күні бүгінге дейін пайда болған, күрделі қытай тілін толықтай меңгерген адам миының қабілеті, қандай дәрежеде болатыны оларға белгісіз болып отыр. Қытай тілімен сөйлеуге әншілік қабілет керек деп есептейтіндер бар, өйткені дыбысты ойнату арқылы сөздің мағынасын өзгерту, жеңілдеу оңай болады екен.

Қытай тілінің ықпалында болған жапон, корей, вьетнам тілдері бар. Күрделі қытай тілінің 80 мың таңбасын қолдану үшін, санын азайтып, жеңілдетуді көздеген елдер жайлы деректер бар. Мысалы, жапондықтар өзінің әліппесін 3 түрге бөлген. Әліппелерінің атаулары: Хиругана, Каттокана, Ганджи.

Хируганна – жапонның көне сөздерін жазу үшін қолданылатын әліппе. Катоканна экономика, технология сияқты т.б. салалардағы шет елдерінен енген терминдерді жазу үшін қолданылады.

Ганджи – ежелгі қытай тілінен пайда болған сөздерді жазып үйрену үшін қолданылады. Осылайша Жапондықтар, адамдардың жұмыс атқаратын саласына байланысты, үш әліппенің қолайлысын таңдап үйретеді екен.

Қытайдың өзі таңбаларын ауыстыруға, не латын қарпіне толық көшуге қарсы. Өйткені оның күрделілігінен қашып, басқа тілді қабылдаса, 1 млрд 400 млн халқының біртұтас психологиялық ерекшеліктерінің жойылып, ұлттық бірліктен айырылып қалу мүмкіндігі бар деген негізде, қытай тілі жазбалары күні бүгінге дейін тілдің күрделілігіне қарамастан, сақталып келеді.

Қорытындылап айтқанда, қытай тілі әлем тілдерінің ішінде ежелгі тілдердің қатарында өзінің мемлекеттік және ұлттық функциясын атқарып келе жатқан тіл. Дүниежүзінің 25/100 халқы қытай тілінде сөйлейді. Қытай тілінде тарихи деректер өте көп жазылған. Қазіргі заманда қытай экономикасы ерекше жоғарғы сатыға көтеріліп, әлемнің назарын өздеріне аударып жатыр. Бір тілдің тұрақталып қалуы, не дамуы, әрине экономиканың көтерілуіне үлкен мүмкіндіктер туғызады. Қытай тілін үйренушілер санының сыртта өсіп келе жатқаны, келешекте алпауыт Қытай елі тілінің де, өзінің ерекше орын алатынын байқатады.